

Екінші деңгейдегі банктерді халықаралық стандартқа көшіру тәртібі туралы ережеге өзгертулер мен толықтырулар енгізу жөнінде

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасы 1997 жылғы 4 желтоқсандағы N 411 Қаулы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1998 жылғы 21 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 66. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 25 қазандағы N 305 қаулысымен.

-----Қаулыдан үзінді-----

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес келтіру мақсатында, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын...

Төраға

К ү ш і ж о й ы л д ы д е п т а н ы л ғ а н
нормативтік құқықтық актілердің тізбесі

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Екінші деңгейдегі банктердің халықаралық стандарттарға өту тәртібі туралы" ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1997 жылғы 4 желтоқсандағы N 411 қаулысы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 66 тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы" және "Вестник Национального Банка Казахстана" N 3 басылымдарында 1997 жылғы 3-16 желтоқсанда жарияланған)...

Қазақстан Республикасындағы екінші деңгейдегі банктер қызметінің нормативті-құқықтық базасын жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасының Қаулысымен бекітілген (1996 жылғы 12 желтоқсандағы N 292 Қаулы) екінші деңгейдегі банктерді халықаралық стандартқа көшіру тәртібі туралы ережеге өзгертулер мен толықтыруларға Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы бекіткен (1997 жылғы 31 наурыздағы N 89 Қаулы), (1997 жылғы 30 сәуірдегі N 135 Қаулы),

(1997 жылғы 15 қазандағы N 375 Қаулы) өзгертулер мен толықтырулар қоса бекітілсін және олар Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енгізілсін.

2. Заң департаменті (А.К. Өртембаев) банктік қадағалау департаментімен (Н.К. Абдуллина) бірлесе отырып осы Қаулыны және екінші деңгейдегі банктерді халықаралық стандартқа көшіру тәртібі туралы ережеге өзгертулер мен толықтыруларды Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркеуден ө т к і з с і н .

3. Банктік қадағалау департаменті (Н.К.Абдуллина) осы Қаулыны және екінші деңгейдегі банктерді халықаралық стандартқа көшіру тәртібі туралы ережеге өзгертулер мен толықтыруларды Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің облыстық (Алматы аумақтық бас) басқармаларына (филиалдарына) және екінші деңгейдегі банктерге жіберсін.

4. Осы Қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары А.Г.Сәйденовке жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
1997 жылғы 4 желтоқсандағы
N 411 Қаулысымен
Бекітілген

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының
1996 жылғы 12 желтоқсандағы N 292 Қаулысымен бекітілген
Екінші деңгейдегі банктердің халықаралық стандарттарға
көшу тәртібі туралы Ережесіне өзгертулер мен толықтырулар

1 . 1 - т а р м а қ т ы ң :

- бірінші азатжолындағы "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерін" деген сөздер "(бұдан әрі - "банктер" деп аталады)" деген сөздермен толықтырылсын, "нормативтік" деген сөзден кейін "құқықтық" деген сөзбен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

- екінші азатжолындағы "депозиттік" деген сөз алынып тасталсын.

2. 2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы Ереженің талаптары мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдастырушылық-құқықтық нысанында құрылған мемлекеттік банктерге, мемлекетаралық банктерге, сондай-ақ егер резидент емес басты банктің тізбесін Ұлттық Банктің Басқармасы бекітетін кез-келген рейтинг агенттігінің "А" категориясынан төмен емес ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді және жеке рейтингі

болған жағдайда ғана еншілес банктерге қолданылмайды."

3 . 3 - т а р м а қ т ы ң :

- бірінші азатжолындағы "Қазақстан Республикасының барлық депозиттік банктері (бұдан әрі "банктер" деп аталады)" деген сөздер "Банктер" деген сөздермен ауыстырылсын;

- бесінші азатжолындағы "талаптарын" деген сөздер "құқықтық актілерін" деген сөзбен ауыстырылсын.

4. 5-тармақтағы "несие бойынша" деген сөз "сарапталған активтер мен шартты міндеттемелер бойынша" деген сөздермен ауыстырылсын.

5. 6-тармақтағы екінші сөйлем алынып тасталсын.

6. 7-тармақтағы "Ұлттық Банктің Басқармасында 29.02.96 бекітілген N 337 Пруденциалды нормативтер туралы ережеде" деген сөздер "Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген басқа да сақталуға міндетті нормалар мен лимиттерде" деген сөздермен ауыстырылсын.

7. 8.1. және 8.2. тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"8.1. Бухгалтерлік есептің стандарттары

Банктер Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 1995 жылғы 26 желтоқсандағы N 237 Қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің Бухгалтерлік есебінің жаңа есепшот жоспарына негізделген бухгалтерлік есеп саясатын жыл сайын қайта қарап отыруға және жасалынған бухгалтерлік жазбалардың барысын жазып отыруға тиіс.

8.2. Капиталдың бірдейлігі

Капиталдың жеткіліктілік коэффициенттері мынадай ең аз мәннен төмен болмау керек :

- I деңгейдегі өз капиталының активтерге қатынасы - 0,06-дан кем емес;

- өз капиталының тәуекелді ескере отырып есептелген активтерге қатынасы - 0,12 - ден кем емес .

Банктің өз капиталының мөлшері 1 миллиард теңгеден төмен болмау керек."

8. 8.4-тармақтың "баланстан тыс" деген сөздер "шартты" деген сөзбен ауыстырылсын .

9. 8.5-тармақтағы "баланстан тыс" деген сөздер "шартты" деген сөзбен ауыстырылсын .

10 . 10 - т а р м а қ т ы ң :

- бірінші азатжолы мынадай мазмұндағы үшінші және төртінші жаңа сөйлемдермен толықтырылсын :

"Банктер 31.12.1998 жылғы мерзімге дейін бухгалтерлік есепті қазақстандық стандарттар бойынша жүргізуге көшуге, жүргізілетін барлық операциялар бойынша қосымша есеп айырысуға және Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің бухгалтерлік есебінің жаңа есепшот жоспарына

негізделген бас бухгалтерлік кітап жасауға тиіс, сондай-ақ бухгалтерлік есепті автоматтандыру бағдарламалық жағынан қамсыздандыруға тиіс. Бағдарламалық қамсыздандыруға операциялардың түрлері бойынша бас кітаптың және қосымша журналдардың модулін қоса алғанда, шоғырландырылған банк жүйесінің модулі енгізілуге тиіс."

- екінші азатжолындағы "(кос- мұнда шартты түрде белгіленген)" деген сөздер "сондай-ақ банктің өз капиталының мөлшері бойынша (СК-мұнда шартты түрде белгіленген)" деген сөздермен толықтырылсын";

- мынадай сөздермен толықтырылсын:

		" 1 - т о п				
СК		31.06.1998.		31.12.1998.		
		5 0 0 м л н .		1 м л р д .		
		т е ञ г е		т е ञ г е		
		2 - т о п				
СК	31.06	31.12.	31.06.	31.12.	31.06.	31.12.
	1998	1998	1999	1999	2000	2000
	100	200	350	500	750	1 млрд.
	млн.	млн.	млн.	млн.	млн.	теңге
теңге	теңге	теңге	теңге	теңге	теңге	теңге

11. 11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1-топқа енгізілген банктер ғана Ұлттық Банктің лицензиясында белгіленген өкілеттіктер шегінде олар осы топқа енгізілген күннен бастап мынадай банк операцияларын, сондай-ақ қызмет түрлерін:

1) сенім (траст) операцияларын: сенім білдірушінің мүддесі мен тапсырмасы бойынша ақша жұмсауға;

2) банктің өз капиталынан аспайтын көлемде жеке тұлғалардан депозиттер қабылдауға;

3) төлем карточкаларын шығаруға;

4) банктердің сеніп тапсырған акциялар пакетін және заңды тұлғалардың жарғылық капиталдағы қатысу үлесін (қатысушылардың салымын) басқаруға;

5) қолданылып жүрген банк заңдарының талаптарына сәйкес бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызметті жүзеге асыруға құқылы.

Егер банктің лицензиясында жоғарыда аталған банк операцияларын және қызмет түрлерін орындау құқығы көзделмеген болса, банк тиісті лицензия немесе келісім беру туралы белгіленген тәртіппен Ұлттық Банкке өтініш жасауға құқылы."

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК